

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 1473 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 6550 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 маусымдағы № 1304 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 30.06.2021 № 1304 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бұйрығына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қала әкімінің
міндетін атқарушы*

Е. Теменов

Әкімдігінің
2016 жылғы 22 маусымдағы
№ 1473 қаулысына қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 12.06.2017 № 1701 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 29 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 67 (алпыс жеті теңге) мөлшерінде;

2. Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 135 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 38 (отыз сегіз теңге) мөлшерінде;
3. Қостанай қаласы, Наурыз көшесі, 7 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 38 (отыз сегіз теңге) мөлшерінде;
4. Қостанай қаласы, Воинов-Интернационалистов көшесі, 2/1 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 58 (елу сегіз теңге) мөлшерінде;
5. Қостанай қаласы, Текстильщикова көшесі, 6/1 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 82 (сексен екі теңге) мөлшерінде;
6. Қостанай қаласы, Урожайная көшесі, 33 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 43 (қырық үш теңге) мөлшерінде;
7. Қостанай қаласы, Урожайная көшесі, 33/1 үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 45 (қырық бес теңге) мөлшерінде;
8. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр данғылы, 4Б үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 52,57 (елу екі теңге, елу жеті тиын) мөлшерінде;
9. Қостанай қаласы, Қобыланды батыр данғылы, 8А үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 52,25 (елу екі теңге, жиырма бес тиын) мөлшерінде;
10. Қостанай қаласы, А. Мирошниченко көшесі, 3А үй, жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін айына 51,75 (елу бір теңге, жетпіс бес тиын) мөлшерінде.